

Б. Сарсенгали* , А. Шағырбай 

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: botagoz.sarsengali@bk.ru

ДІНИ ФИЛОСОФИЯДАҒЫ МЕЙІРБАН ЖӘНЕ КЕМЕЛ АДАМ ТҮСІНІГІ

Мейірбан және кемел адамды қалыптастыру – қоғамдық дамудың арқауы. Мейірбандылық пен кемелдік идеялары адамзат дамуымен бірге тарихи түрде дамыды. Қазіргі жаһандық процестер, құндылықтар құлдыраған заманда діни философиядағы мейірбан және кемел адам түсінігін қарастыру өзектілігін жоғалтпайды. Мақаланың мақсатына діни философиядағы мейірбан және кемел адамның мәні мен маңызды сипаттарын ашып көрсету жатады. Бұл мақала осы ұғымдардан туындаған сұрақтарды зерттеген көптеген ғалымдардың тұжырымдарына негізделген. Мақалада мейірбан және кемел адам идеясын теориялық тұрғыдан түсінудің маңыздылығы қарастырылады. Біз осы тақырыптардың әрқайсысына кезекпен тоқталамыз. Ең алдымен мейірбан адам белгілері және түсінікті анықтаудағы конфуцийшілдіктің рөлін айқындаймыз. Зерттеу мейірбан адамның дербес, өнегелі, бірегей тұлға болуы керектігін көрсетті. Кейін кемел адамның негізгі белгілері анықталады. Кемел адамның үлгілі, идеалдылығымен ерекшеленетіндігі айқындалды. Салыстырмалы талдау ғылыми әдебиеттерге шолу жасау және нәтижелерді алу үшін қолданылды. Контент-талдау, жүйелік және тарихи зерттеу әдістеріне назар аудару үшін сипаттамалық әдіс қолданылды. Мақала авторлары мейірбан адам мен кемел адам түсініктері арасында айырмашылықтар бар деген қорытындыға келді.

Түйін сөздер: мейірбан адам, кемел адам, болмыс, адамгершілік, сопылық.

B. Sarsengali*, A. Shagyrbai

Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: botagoz.sarsengali@bk.ru

The Concept of a Noble and a Perfect Person in Religious Philosophy

The formation of a noble and perfect person is the basis of social development. The ideas of nobility and perfection have evolved historically alongside human development. In the era of modern global processes and the fall of values, the concept of a noble and perfect person in religious philosophy does not lose its relevance. This article's goal is to make clear the significance and essential characteristics of a noble and perfect person in religious philosophy. This article is based on the findings of numerous scientists who have investigated the issues raised by these concepts. The significance of comprehending the idea of a noble and perfect person from a theoretical standpoint is discussed in the article. We shall address each of these subjects in turn. First of all, we define the characteristics of a noble person and the role of Confucianism in defining the concept. The study revealed that a noble person should be an independent, moral, and unique individual. The primary features of a perfect person are then defined. It has been established that the perfect person is exemplary and distinguishable by ideality. Comparative analysis was used to study the scientific literature and produce the results. A descriptive approach was used to emphasize content analysis as well as systemic and historical research techniques. The article's authors got to the conclusion that there are differences between what is meant by a noble person and what is meant by a perfect person.

Key words: noble person, perfect person, being, humanity, Sufism.

Б. Сарсенгали*, А. Шағырбай

Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: botagoz.sarsengali@bk.ru

Понятие о благородном и совершенном человеке в религиозной философии

Формирование благородного и совершенного человека является основой общественного развития. Идеи благородства и совершенства исторически развивались вместе с человеческим развитием. В эпоху современных глобальных процессов, падения ценностей рассмотрение понятия благородного и совершенного человека в религиозной философии не теряет своей актуаль-

ности. Цель данной статьи – прояснить значение и сущностные характеристики благородного и совершенного человека в религиозной философии. Суждения авторов основаны на выводах многих ученых, которые исследовали вопросы, поднятые этими концепциями. В статье обсуждается значение осмысления идеи благородного и совершенного человека с теоретической точки зрения. Рассматривается каждая из этих тем по очереди. В первую очередь определяется характеристика благородного человека и роль конфуцианства в определении понятия. Исследование показало, что благородный человек должен быть независимой, нравственной и уникальной личностью. Затем определяются основные черты совершенного человека. Установлено, что совершенный человек является образцовым и отличимым по идеальности. Сравнительный анализ был использован для изучения научной литературы и получения результатов. Описательный подход был использован для акцентирования внимания на контент-анализе, а также на системных и исторических методах исследования. Авторы статьи пришли к выводу, что существуют различия между тем, что понимается под благородным человеком, и тем, что понимается под совершенным человеком.

Ключевые слова: благородный человек, совершенный человек, бытие, человечность, суфизм.

Кіріспе

Діни даналықтың көптеген қазыналарының ішінде адам болмысының мейірбандылығы мен кемелдігі, оларға еліктеуге үлгі болатын мұраты идеясы басты орындардың бірін алады. Бұл идеялар бастапқыда ең қарабайыр түрінде ежелгі дәуірде пайда болды. Қай заманда болсын бұл түсініктерді өз заманының ойшылдары түрлі мағыналарда қарастырды. Расында да нағыз адамдық мағынада тәрбие беру өзін-өзі тәрбиелеудің пайда болуымен ғана мүмкін болды. Адамның ең жоғары, мейірбан және кемел жаратылыс екендігінің ең сенімді және жарқын дәлеліне оның үздіксіз әрі шексіз мейірбандылық пен кемелдікке ұмтылуында жатыр. Өзін-өзі кемелдендіру қабілеті адам табиғатының ең жоғары құндылығы, өзін-өзі танытудың бүкіл мағынасы дәл осы мейірбандылық пен кемелдікте жатыр.

Мейірбан және кемел адамның қалыптасуында өзіндік сана, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тәрбиелеу сияқты рефлексиялық процестер жүретіндігі анық. Ибн Сина, әл-Фараби, әл-Бируни, Кайковус, Жәми, Давони сынды Шығыс энциклопедист-ғалымдары тұлғалық қасиеттер мен ерік-жігер адамның кемелденуіндегі рөлі ерекше екендігін атайды (Khalilova et al., 2020: 254). Өзіндік сана қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өз орнын, олардың ортақ мүдделері мен идеалдарын түсінуге ықпал жасайды. Өзін-өзі бақылау адам қалауын меңгеру тұрғысынан алғанда өзін басқарудың қабілеті болып табылады. Өзін-өзі бақылау дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі, қызба әрекеттерді азайтады және көңілсіздік, алаңдаушылық секілді эмоциялармен тиімді күресуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі

ұстай алатындар шектен тыс емес екеніне көз жеткізу үшін өз қалауларын тежей алады. Демек, мейірбан және кемел адам табысты, дені сау және бақытты болу үшін дұрыс әрекеттер мен таңдау жасайды. Өзін-өзі тәрбиелеу жеке тұлғаның әлеуметтік ахуал мен талаптарға бейімделуінің табиғи процесі. Өзін-өзі тәрбиелеуді қалыптастыратын тұлғаның дамуы тек өмір мен тәрбие жағдайына ғана емес, оның еңбекке деген көзқарасына, еңбекқорлығына, іскерлігі мен қабілетіне де байланысты. Өзін-өзі тәрбиелеу мейірбан және кемел адамның жағымды қасиеттерді қалыптастыру және жетілдіру, жағымсыз қасиеттерді жою жөніндегі саналы және мақсатты жұмысы. Өзін-өзі тәрбиелеудің қажетті шартына өзі туралы шынайы білу, өзін-өзі дұрыс бағалау, өзіндік сана жатады.

Кейбір ғалымдар Аристотель ойлануды ізгіліктен тәуелсіз етеді деп таласса да, W. Olmsted (2013: 251) ойлануды дұрыс түсінілген пікірлесу, «Риторика» мен «Никомахейлік этикадағы» әдептілік деп санайды. Пайдалыны игіден, парасаттыны адамгершіліктен ажырататын қазіргі ғалымдарға қарағанда, Аристотель шешендердің ақылдасып айтатын дәлелдері «Этикадағы» мейірбан адамдар өз іс-әрекетінен жақсылық пен пайдалыны іздейді деп тұжырымдайды. Осылайша, пайдалы мейірбандылықтың жауы емес, оның серіктесі. Өз кезегінде риторикалық дәлелдер мейірбан және кемел адамның түрлі мақсаттарына қызмет ететін икемді ресурс. Риторикалық дәлелдер шешендіктің, өнертапқыштықтың және этикалықтың салдары болып табылады.

Мейірбан адамды шындықты дәл қабылдайтын, оғаш мінез-құлықтан ада, өзіне, физикалық дүниеге және басқаларға деген құштарлық

сүйіспеншілігімен сипатталатын адам ретінде анықталады (Landsman and Landsman, 1991: 61). Кемел адам сипаттамасы да осы іспеттес. Шындықты дәл қабылдайтын мейірбан және кемел адамның мүмкіндіктері шектеулі. Олардың эмоционалды түрде жауап беру қабілеті өте төмен. Дегенмен олар ақылынан айырылған адамдар емес. Оғаш мінез-құлықты адамдардың іс-әрекеттерін болжай алмаймыз. Мұндай адамдардың әрекеті тіпті оны жақсы білетін адамдарға күтпеген және қисынсыз болып көрінуі мүмкін. Оғаш мінез-құлықты қалыпсыздықтан туындаған әрекет ерекшелігі ретінде қарастырылатындықтан, мұны мейірбан және кемел адам бойынан байқай алмаймыз. Сондықтан мейірбан және кемел адам субъективті түрде өнегелі және мінез-құлық жағынан игілікті тұлға ретінде қабылданады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Мейірбан және кемел адам түсініктерінің өзекті мәселелері мен ерекшеліктері діни философияда толық зерттеліп болған жоқ. Сондықтан діни философиядағы мейірбан және кемел адамның мәні мен маңызды сипаттарын талдауды мақсат ретінде алдық. Ол үшін ең алдымен ұғымдардан туындаған мәселелерді зерттеген ғалымдардың тұжырымдарын сараптауды жөн санап, пікірлерді талдау міндетін қойдық. Мейірбан және кемел адам идеясының теориялық түсініктерінің маңыздылығына тоқталуды жөн санадық. Мейірбан адамды анықтаудағы конфуцийшілдік пікірлерге назар аудардық. Кемел адам белгілері қатарындағы үлгілік пен идеалдылықты анықтауды міндеттер қатарына қостық. Мейірбан адам мен кемел адам арасында айырмашылықтар бар екендігін анықтауға тырыстық. Осы себептерге байланысты зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі жоғары деп ойлаймыз.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мейірбандылық пен кемелдік түсініктерінің өзі адамзаттың ілгерілеуімен бірге тарихи эволюциядан өтті. Ата-бабаларымыздың санасының алғашқы көріністері өзін-өзі сақтау түйсігімен байланысты болды. Осы ырықсыз сезімнен кейін денсаулықты нығайту және физикалық өзін-өзі жақсарту туралы саналы қамқорлық өсті. Өз өмірін жетілдіруге деген ұмтылыс

мейірбандылық пен кемелдікті жетілдіруге деген ішкі ұмтылысты оятты. Тіршілік үшін күресте ата-бабаларымыз өздерінің іс-әрекеттерін үйлестіру, бейсаналық түрде болса да бір-біріне көмек көрсету қажеттілігіне тап болды. Табиғаттың мәңгілік үйлесімділігі және адамның онымен қарым-қатынасының белсенділігі адам тұлғасының мейірбандылық пен кемелдік қасиеттерін жетілдіруге әкелді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, мейірбан адам мен кемел адам туралы көптеген көзқарастар бар. Біз осы еңбектерді саралаған ғалымдар тұжырымдарын салыстырмалы талдау арқылы нәтижелер алдық. Тұжырымдарды ілгерілету үшін авторлар ғылыми қолданыстағы әдебиеттерді шолуға сүйенеді. Ғылыми мақалалар легі рейтингісі жоғары, «Scopus» базасында индекстелетін басылымдарға негізделді. Бұл әдебиеттер арқылы авторлар зерттеу мәселесінің өзгешеліктерін анықтайтын сипаттамалық әдісті қолданады. Сипаттамалық әдіс контент-талдау негізінде жүзеге асырылады. Мақалада жүйелік және тарихи әдістерге де мән беріледі.

Негізгі бөлім

Мейірбан адам белгілері және түсінікті анықтаудағы конфуцийшілдіктің рөлі

Қоғамды қалай жоюға болады? Елді қорғауға зауқы жоқ адамдарға қару беру, тәжірибелі адамдардың ақылын тыңдамау жолымен жетуге болады. Мейірбан адамның қасында залымның болуы, оларды әділетсіз басшының, әсіресе, ақылдыны ақымақтың басқаруы күрделі мәселе. Қоғам мәселесін жақсы білетін және саналы өмір сүретін адамдар ғана тіршілікке қауіп төндірмейді.

T. Landsman (1968: 1) адам мінез-құлқын психологиялық зерттеулерде түйықталған қырларының бірі ретінде мейірбан адамды есептейді. Ол мейірбан адамға мынадай сипаттамалар ұсынады: (1) ауытқушылықтары жоқ; (2) бір қалыпты, психикалық жағынан сау; (3) ерекше ететін ілуде бір кездесетін тұлға. Осы пікірлерге сәйкес мейірбандылықты көрсететін ерекшеліктерді атауымызға болады: мейірбан адамды қалыптастырудың негізгі құралы – субъектінің жағымды тәжірибесінің жиілігі мен қарқындылығы; негативті тәжірибелер көп рөл атқарады; оң тәжірибе жеке тұлға үшін елеулі адамдар болған кезде маңызды; адамның тәжірибе үшін жұмыс істеуі маңызды; білім тәжірибенің қарқындылығына ықпал етеді;

алуандылық тәжірибеге күш қосады; адамға тітіркендіру тәжірибесі қажет; дара айырмашылықтар тәжірибе таңдаудағы топтық айырмашылықтардан асып түседі; өзіне тән игілікті тарату үрдісінде екі тәжірибе басымдырақ: басқа адамға көмектесу және басқалардан көмек алу.

G. Bogos (2009: 133) мақаласында XVII ғасырдағы моральдық философияның маңызды тұжырымдары қатарында саналған «*générosité*» түсінігіне мән берілген. Автор бұл түсініктерді мейірбан адам белгісі ретінде санаған. Осы пікірлерге сәйкес мейірбан адам белгілеріне альтруизм (немесе адал ниеттілік) пен жомарттық тән. Альтруизм бұл өзге адамдардың әлауқатына жанқиярлық қамқорлықпен қарайтын іс-әрекетті түсіндіреді. Осы жанқиярлық өз пайдасын басқа адамдардың немесе жалпы игіліктің пайдасына құрбан етумен сипатталады. Жомарттық басқаларға риясыз көмек көрсете білуге байланысты қасиет. Сараңдық пен есепқорлықты ұната бермейді. Жомарттық қайырымдылықпен тығыз байланысты.

Қазіргі заманда мейірбан адам деген нені білдіреді? Мейірбан адам ақиқат пен басқа да дұрыс жалпыадамзаттық құндылықтардың адамгершілік жолымен жүруін көздейді (Cunarski, 2016: 1). Осы жалпы қағидалардан бөлек қажырлы, текті адамның мұраты белгіленеді. Әр нәрседен үрейлене беретін адам мейірбан бола алмайды, өйткені ол маңызды істерде тәуекелге баруға қорқады. Жаңалық іздеу үшін тәуекелге бару – өзімшілдіктен туындаған ақылсыздық. Алайда, мейірбан адам әділ күрес, қорғаныс секілді ерекше жағдайларда ғана айқасады, ал үрей қуған адам сатқындықты ұстанып жаумен ынтымақтасып кетуі мүмкін.

Өзілге қатысты этикалық мәселелерді зерттеуде күлкі мен көңіл көтеру, тапқырлық, байсалдылық, ұялшақтық, ақымақтық, мақтаншақтық пен адамгершілігі жоқтықтың шекарасын сақтайтын заңдылық пен орындылықты айқындайды (Bartkus, 2021: 64). Аристотель қағидасын пайдалана отырып, әзілдің кемшілігі мен артықшылығын екі мағынада анықтауға болады. Орынды және шебер әзіл тапқырлық пен ізгіліктің көрсеткіші. Табалаушылықты әрқашан келемеждіктің белгісі, ал ұялшақтық әдептіліктің көрсеткішін анықтайды деуге де болатын секілді. Мейірбандылық мазмұнын құндылықтар мен ізгіліктердің өзара әрекеттесу контекстінде қарастырған кезде өзін-өзі бақылаудың қыр-сырлары ашылады. Демек, қорқыныштан, ұяттан, қабілетсіздіктен туындаған іс-әрекет әдептілік

пен ізгіліктің нышаны емес. Мейірбандылық тек жақсы қасиеттерден бастау алады. Мейірбан адам қалжың мәдениетінде қалай десек те әдептілік заңдылығын ұстанады.

Классикалық конфуцийшілдік әдебиеттер көшбасшыларды мейірбан адам (цзюнь-цзы) болудың және сенім мен жақсы үлгіге негізделген үйлесімді қауымдастықтарды сақтаудың негізі ретінде бес негізгі ізгілікті қолдануға шақырды (Snell, Wu and Lei, 2022: 183). H. Ahn (2008: 101) Конфуций еңбектеріндегі цзюнь-цзы түсінігін психологиялық коннотацияда айқындайды. Оның пайымдауынша, цзюнь-цзы – конфуцийшілдіктің негізгі ізгі қасиеттерін нақты адамдық қарым-қатынаста көрсетуге тырысатын мейірбан адам. Адамдар арасындағы қарым-қатынас кем дегенде екі адамның арасындағы қарым-қатынасты қамтиды. Адамдардың қарым-қатынасы жеке тұлғаның барлық жағынан дамуының негізі болып табылады. Өйткені, нақты адамдық қарым-қатынас шағын және қарапайым (мәселен, ауыл), ірі және күрделі (мәселен, мегаполис) қалыптастырады. Міне осы қоғамда мейірбанды әрі кемел адам қажет.

Ғасырлар бойы конфуцийшіл ойшылдар мынадай сұрақтарға жауап іздеп келеді: адамгершілік тұрғыдан мейірбан және әдепті адам қалай болуға болады? Нағыз және әдепті адам саналатын мейірбан адам қалай болу керек? Мейірбан адам болуды қалай үйренуге болады? (Hung, 2016: 85). Конфуцийшілдердің мейірбан адамын «идеалды адам» деп сипаттауға болады. Конфуцийшіл ойшылдар үшін оқу тұжырымдамасы тек эпистемологиялық мәселе ғана емес, этикалық мәселе ретінде де саналды. Конфуцийшілдік оқытуды мейірбан адам болу үшін белгілі бір білімді алудың нақты процесі ретінде анықтауға болады. Сондықтан оқыту мен білімнің конфуцийшілдік иерархиясын анықтап алған маңызды.

Морализмнен тыс Конфуцийдің мейірбан адамды қарастырудағы эстетикалық тұжырымдамасы да назарымызды қажет етеді (Kim, 2006: 111). Аналектілерде түсіндіретін адамзаттың басым көзқарастары этикалық ұғымдарға жатады. Мұндай түсіндірудің салдарының бірі ретінде конфуцийшілдік мейірбан адамды қатал моральшы, кірпияз рәсімді бақылаушы бір өлшемді бейнеде суреттейді. Сонымен қатар, қарапайым ғалымға қарама-қарсы мейірбан адам түсінігінен аңғарылатын пікірлер де маңызды. Мейірбан адам адамзаттың сұлулығын оятады.

С. Тан (2012: 449) конфуцийшілдік көзқарас адамның қадір-қасиетіне, құндылығына және теңдігіне ажырамас құқыққа негізделген барлық адамдардың корреляциялық құқықтарын мойындайды деп дәлелдейді. Сонымен қатар, конфуцийшілдік өзін-өзі тәрбиелеу арқылы қоғамда мейірбан адам болу этикалық идеалына жету әркімнің мүддесі деп санайды. Сондықтан құндылықтарға қатысты көзқарастарға сәйкес екі негізгі басымдықты атап өту қажет: біріншіден, біз қоғам мүшелерінің жеке адамгершілік дамуына көбірек көңіл бөлуіміз керек. Екіншіден, ел азаматтарының қауымдастыққа белсенді қатысуға көбірек мүмкіндіктер беріліп, азаматтық қатысу тұжырымдамасын дамытуымыз қажет.

Өзін-өзі тәрбиелеу мен жетілдіру «Конфуцийдің аналектілерінде» тану және реніш мәселелері аясында тұжырымдалған. «Аналектілерді» құрастырушылар белгілі бір әлеуметтік жағдайларда реніштің кең таралған сипатын және оған өз ішінде де, басқаларға қатысты да қарсы тұрудың этикалық талабын мойындады (Nelson, 2013: 17). Ерте конфуцийшілдік этикада реніш әртүрлі мағынада түсініледі. Өзіндегі және басқалардағы ренішті жеңу – этикалық мағынада нағыз мейірбан адам болудың негізгі элементі. Мейірбандылығы жоқ адам, керісінше, өзінің шектеулі және пайдакүнемдік мүдделеріне сүйенеді. Сондықтан өзін-өзі тәрбиелеу мен жетілдірудегі адам бойындағы мейірбандылық өзгелерге бағытталған деуімізге негіз бар.

Мейірбан адам дербес, өнегелі, өзіндік тұлға болуы керек (Omelchuk, 2013: 361). Конфуцийдің пікірінше, мейірбан адам «қару», «құрал», әлеуметтік бақылау тәсілі емес, керісінше оның мақсаты. Мейірбан адамға қарама-қарсы түсінікке материалдық байлыққа, игіліктерге және олармен байланысты өзін-өзі мақтан тұтуға үнемі қамқорлық жасайтын «төмен адам» (сяо жэнь) жатады. Табиғаты төмен адам лайықты әлеуметтік мәртебеге ие және сяо жэнь кейде «жай адам» деп те анықталады.

Маркетингтің танымал тұжырымдамалары мен стратегиялық маркетингтік бағдар тұжырымдамаларының ұқсастығы бойынша «Мейірбан адам» (цзюн-цзы) бизнес философиясы, ал цзюн-цзы бағдары осы философияны жүзеге асыру ретінде анықталады (Tian, Tang and Tse, 2022: 759). Ол үшін авторлар конфуцийшілдік философияға және мейірбан адамның шынайы әлеуметтік жауапкершілігіне баса назар аударатын нормативтік этикаға негізделген мәдениетке сезімтал модельді әзірлеуге ұмтылады. Бұл ойлар

цзюн-цзы бағыттылығының компаниялардың жұмысына оң әсер етеді деп болжайды. Корпоративтік мәдениет пен іскерлік өнімділікті түсіну үшін конфуцийшілдік көзқарастың бес өлшеміне мән берген: (1) Жэнь – игі ниеттілік, адамгершілік; (2) И – реттілік, тақуалылық; (3) Ли – жөнділік, үйлесімді дифференциация; (4) Чжи – даналық, білімді басқару; (5) Синь – адалдық, сенімділік. Цзюн-цзы бағдары көптеген өлшемдер жасауға мүмкіндіктер беретінін осыдан байқауымызға болады.

Кемел адамның негізгі белгілері

G.M. Molotova және E.M. Molotova (2020) зерттеуінде сопылық ілімдегі негізгі ұғымдардың бірі болып табылатын «инсан-и камил» – кемел адамның мәні ашылады. Авторлардың пайымдауынша, бұл Ақиқатты іздеуге арналған жолдағы соңғы қадам. «Салик» термині осы жолды іздеушіге қатысты қолданылады. Кемел адам дәрежесіне сопылық дүниетаным бойынша тек таңдаулылар ғана жетеді. Сондықтан бұл мәселе тек жазба деректер негізінде ашылады. Сонымен қатар, сопылық поэзия үлгілері, сопы әулиелерінің мұсылман әлемінде болған әулиелер иерархиясы туралы ойлары да мәселені айқындауға көмек береді.

Sumanta (2021: 286) жариялаған ғылыми еңбегінде кемел адамға ұмтылуға негізделген сопылық білім беру түріндегі діннің адам дамуындағы рөлі қарастырылады. Бұл зерттеу адамның ақыл-ойы мен моральдық дамуының жеті деңгейі бар «инсан-и камил» екенін көрсетуге бағытталған. Соңғы зерттеулерге сәйкес, дін мен руханилық психикалық және физикалық денсаулықты сақтауда маңызды рөл атқарады. Тәндік жаңару, қайта тірілу және Жаратушымен бірігумен аяқталатын табиғи кемелдік және адамның жан дүниесінің кемелдігі адамдар ұмтылатын кемелдіктің екі түрі деп ойлаймыз. Адамның ерік бостандығы туу мен өлім арасындағы физикалық процесте дамитын болмыс түрін анықтайды және бұл өмірдің бірінші кезеңімен белгіленеді. Сопылар осы өзін-өзі жетілдіру жолында жүрген адамдарды кемел адамдар деп атайды. Кемел адамдар Жаратушыға баратын жолды және шынайы адамдық күйге қайта оралуды біледі. Мұсылман ретінде ішкі жан дүниенің Аллаға тән екенін түсінсеңіз, сіз кемел адам болып саналасыз.

Шариғатта ислам дінінің сенім, ғибадат сияқты негізгі қағидалары бар. Диуаналық тәртіпте сопылықтың жүйеленген ойы бар екені

анық. Шеберлік мен ақиқат жалғыз Жаратушы Алланың есімдерін, сипаттарын және іс-әрекеттерін білуді және адамның өзі Құдай болмысында бірге өмір сүруін қамтиды (Özkan, 2011: 253). Бұл төрт жол диуаналардың сопылық сапарларын, Құдайға жету арқылы кемел адам болу процестерін түсіндіреді. Диуаналар тылсым сапарын сәйкесінше осы төрт жолды басып өту арқылы аяқтайды. Аталмыш төрт жол күшжігер, тәубе, жомарттық және т.б қағидаларды қамтиды. Осы қағидаларды ұстанғандар ақиқатты тауып, діни шеберлікке қол жеткізеді.

Ницше еңбектері кейбір ықпалды мұсылман ойшылдарына қатты әсер етті. Ницше зерттеулері мистикалықтан нигилистікке дейінгі түрлі көзқарастарға бейімделген. Мұсылман ойшылдарының Ницшеге берген жауаптарының ішінде Икбалдың жауабы қызықты болып табылады. В.А. Даг (2011: 281) мақаласының екі негізгі мақсаты бар: Ницшенің мәңгілік оралу туралы ең даулы идеясын сыни түсіну және Икбалдың оған реакциясын зерттеу. Кейбір философтар оның ең маңызды тұжырымдамасы деп есептеген Ницшенің мәңгілік оралу концепциясына Икбал оның философиясының ең әлсіз буыны ретінде күмән келтірді. Икбал трансценденттілікті алға тартады және Ницшенің абсолютті детерминистік көзқарасынан айырмашылығы, рух бостандығына жеткілікті орын қалдыратын исламдық тағдыр доктринасын қолдайды. Икбалдың кемел адам туралы сопылық тұжырымдамасы Ницшенің астам адамды қайта құру және Жаратушы атрибуттарын қабылдау үшін шығармашылық пен еркіндікті пайдалану қабілетімен ерекшеленеді. Осылайша, Икбал исламдық мистикалық ресурстарды адам кемелдігінің баламалы үлгілерін проблемалық тұрғыдан қарастыру үшін пайдаланады және адамның «немкүрайлы ғаламдағы» көлденең өмір сүруі болып көрінетін қайғылы фактіге жауап береді.

Платон өзінің «Кемел адам» тұжырымдамасында идеалды республиканың гүлденуі үшін ойлайтын адамзатты құруға ұмтылады (Maskey, 2012: 304). Платон сипаттаған идеалды республикада басқарушы философтар қарапайым өмір сүреді және олардың жеке меншігі болмайды. Бірақ Платон олардың абсолютті билігіне мән бермейтін секілді. Оның тұжырымдамасы ақсүйек философтар билігін сипаттады, оның кезінде қарапайым халық тоталитарлық, бірақ біршама қолайлы режимге бағынды. Демек, Антика заманында кемел адам ретінде философтар бағаланды деуімізге болады.

Адамның болмысы мен тәжірибесінің түсіндірмесі өзгерістердің, жаратылыстардың және әр-алуандылықтың бастамашысы емес, ол еңсерілмейтін прецеденцияның орнын толтыратын, дүниенің өзгеруі мен алшақтығын реттейтін маңызды гуманистік сапа болып табылады. Адам туралы сопылық тұжырымдамадағы дәлелдер бірлік пен сабақтастықтың толық және кемел адамның өзегін біртіндеп ашу теориясына негізделеді (Turan, 2013: 173). Сопылық ілім «пайда болу» феноменологиясын ұсынады. «Танылу» мистикалық құмарлығымен туындаған даму процесі сипатталып, мұнда алдымен болмыстың жалпы адамзаттық адамда көрініс табуы, содан кейін ол адамның «Меніне», оның меншігіне және әртүрлілігіне айналады. Әмбебап адамның индивидке прогрессивті түрде ашылуы теориясы қабілетке ерекше мән береді, әлеуетті қабілетті дұрыс тәжірибе арқылы жүзеге асырылуы мүмкін кемел адам тәжірибесі ретінде ұсынылады.

Ибн Халдун Ибн әл-Арабидің «Кемел адам» туралы іліміне тән қауіптерді қарастырды. Оның ойынша бұл ілім жеке әулиелерді аса дәріптеп, Жаратушы деп тануға мүмкіндік бергендіктен, кемел адам рухани биліктің және уақытша үкіметке қауіпті деп санады (Ahmad, 2014: 55). Ибн Халдун үшін сопылық ілім болып табылады, бірақ адам болмысына қатысты кез келген басқа құбылыстар сияқты өзінің сыртқы, салыстырмалы және кездейсоқ аспектілері бойынша өзгеріске ұшырайды. Бұл мағынада түсінікті тарихи құбылыспен байланыстырамыз. Ибн Халдун сопылық белгілі бір уақытта пайда болған, өскен және оның пікірінше, өз заманында біршама құлдыраған тарихы бар екенін атап өтті. Мәдениеттің басқа аспектілері сияқты сопылық та мұқтаждықтан туған. Шамамен мұсылмандардың алғашқы үш-төрт ұрпағы толық шарифатқа сай ізгі де тақуа өмір сүріп, сыртқы істерге ғана емес, ішкі рухани істеріне көңіл бөлді. Осы салыстырмалы рухани тепеңдік кезеңінен кейін ислам жамағатының мүшелері арасында алауыздықтар пайда болып, тура жолды ізгілікпен ұстанудың бұрынғы кезеңінен ауытқуға жол ашты. Осылайша, заңгерлерге салт-жораларды стандарттау және адамдар арасындағы қатынастарға қатысты заңдарды жүйелеу қажет болды. Бұл көптеген адамдарға ішкі рух пен әрекеттердің маңыздылығын ұмытуға мүмкіндік берді.

Кемел адам парсы ақыны Санаидың тылсым поэзиясы мен ой-толғамында талқыланатын

тақырыптардың қатарында. Санаи тақуалықты мистикамен, дін және діни сеніммен байланыстырып, кемел адамды көрегенділікпен сипаттады. Ол кемел адамды айқын және нақты болуы керек деп ойлады (Aminzadeh, 2014: 249). Көрегенділік түсінігі кез келген тілде кеңінен қолданылады. Өйткені көрегенділіктің ерекше көрсеткіші адамның бірегей сөздерінен пайда болатын пікірлер арқылы санасында үлкен орын алады. Көрегенділіктің белгілі бір деңгейі болмайды және мұндай адамдарды әрбір мәдениет біледі.

Француз ойшылы Морис Бланшо үшін этикалық қатынастар болмыс арасындағы қарым-қатынаста сәйкестікті диалектикалық меңгерудің дамушы және өзін-өзі рефлексиялайтын қозғалысында емес, керісінше, күштарлық пен қашықтықтың өнімді процесінде болуы керек. Бұл бейтарап қарым-қатынасты тудырады, мұнда адам әлеуметтік немесе трансценденттік мақсатқа дейін төмендемей, өзінің экзистенциалды әлеуетін түбегейлі зерттеп, алға және артқа ұмтылып отырады. Бұл дәлел Ибн Арабидің кемел адам ұғымына қатысты этикасына сәйкес келеді (Moradi, 2015: 61). Осы пікірлерге сәйкес кемел адам Жаратушының барлық сипаттарын меңгеру арқылы кемелдікке жете алмайды. Бірақ ол бейтарап кеңістікке, барзахқа айналып, Жаратушы сипаттары арасындағы байланыстарды орнатады және олар арқылы болмыс пайда болады. Бұл мағынада кемел адам қарым-қатынастың, Жаратушы арасындағы байланыстырушыға айналады. Адам Жаратушыға моральдық және мистикалық қарым-қатынастармен ұмтылады, кемел адам ілімдерді ішкі және сыртқы бейнеде көрсетеді.

S. Birkvad (2015: 145) пікірінше, «Кемел адам» екіұшты және ашық болып көрінгенімен, бұл модернизмнің мифі. Осы пікірге сәйкес «Кемел адамның» модернизмнің эпистемологиялық құрамдас бөліктерін мифтік формада талдап көру қажет. Модернизм мифінің эпистемологиялық құндылығы тек жаратылысқа ғана емес, құлдырауға да негізделген. Кез келген миф секілді «Адам» құбылысын тұйық жүйедегі ғұрыптық үлгілер тұрғысынан түсіндіреді. Бұл жағдайда жүйені біріктіретін дене бірегейлік туралы ескі модернистік түсінікке сәйкес оны бұзады. Шындығында кейбір жағдайларда барлық қиялдар шамадан тыс модернистік бас тартуды көрсетеді.

Кемел адам дегенде Абай Құнанбаев еңбектерін ұмытпайтындығымыз анық. Абайдың

жаңашылдығы философиядағы «иман» (әдептілік) және «кемел адам» жүйесі аясындағы таңбалардың, метафоралардың, поэтикалық тұлғалардың, аллегориялардың, эвфемизмдердің орасан зор массасын тұжырымдаудың өзіндік әдеби стратегиясымен айқындалады. Мұнда ұлттық менталитет аясындағы әділдікті, қасиеттілікті және қоғамдық белсенділікті ашу байқалады (Zhararova, Dadebaev and Zhaksylykov, 2016: 54). Басқа ойшылдар сияқты Абай дүниетанымының негізінде психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан алғанда адамның мәнін аса көп қырлы деп санайтын тұлға бар. Абайды адамның эстетикалық, этикалық келбеті, алған білімі мен тәрбиесі, сезімі мен ақыл-ой әлемі, мұраты мен өмір сүру мақсаты қызықтырады. Абай адамды жаны мен ақылы бар бүтін тұлға деп түсінді. Абай үшін адам – әлемнің, дүниенің орталығы. Демек, Абай үшін «Кемел адам» белгілері оның «Адам бол!» идеясында жатыр.

Мәжбүрлеу қарапайым адамдарға қажет екенін бәрі біледі. Дегенмен көптеген философтар мінсіз жақсы және дана адамдарға мәжбүрлеу әдістерін қолдану қажет емес және тыныштықта қалған кемел адамдар утопияда өмір сүреді деп сенеді (Sobel, 2017: 148-177). Біздің ойымызша, бұл идея дұрыс емес. Өйткені кемел адамға да мәжбүрлеу қажет болуы мүмкін. Мәжбүрлеу объективті шындықтың сыйымды құбылысын білдіретін категория. Бұл кез келген адамзат қоғамына қажетті элемент. Қоғамның әлеуметтік өмірінің құбылысы ретінде мәжбүрлеуді жою мүмкін емес. Мәжбүрлеу қоғамдағы демократияны, әлеуметтік әділеттілік, азаматтық бостандық пен формальды теңдік деңгейін, қоғамдық институттарды қалыптастырады. Сонымен қатар, мәжбүрлеу адамға оның еркі мен мінез-құлқын мемлекет пен қоғамның мүдделеріне бағындыратын ықпал етуді де білдіреді. Мұның бәрі мәжбүрлі адамның еркін өзгерту мақсатымен, оның қатаң түрде бағынуы үшін жасалады. Мұны ықпал ету және басу ретінде де анықтауға болады.

Кемел адам түсінігін адамның өзін жетілдірумен шатастырмау керек. Кемел адам идеясы даостық, ирандық, исихазм дәстүрлерінде таза метаантропологиялық түсінік болып табылады (Shukurov, 2019). Кемел адам тұжырымдамасының метаантропологиялық табиғаты түсінікті эмпирикалық болмыс категорияларының шеңберінен алып тастап, оны эмпиризмде анық қол жетпейтін, өте радикалды және аса проблемалық идеал ретінде көрсетеді.

Сондықтан кемел адам Жаратушы мен дүние арасын байланыстырушы десек те болады. Осы себептерге байланысты адамды Жаратушыға аппаратын жолдағы орны мен тағдыры туралы кез келген пікір әлемдік тәртіп заңдарына, адамның жаратылыстағы бірге өмір сүру ережелерінде кемел адам ерекше орын алады.

Нәтижелері және талқылау

Мейірбандылық пен кемелділік жеке адамның қасиеті және ешбір заңдармен, тыйымдармен, ережелермен шектелмейтін, өзінің ішкі болмысының табиғи, адамгершілік көріністерін иелену қабілеті. Мейірбандылық пен кемелділіктің негізгі қағидасы ар-ожданға сай әрекет етумен байланысты. Олар сізге әрқашан жақсы және лайықты жолды көрсетеді. Адамға өзінің мейірбандылығы мен кемелділігі деңгейін білу үшін өмір сынақтары керек. Бұл сынақтар адамды биіктете алады, оның ең жақсы тұлғалық қасиеттерін көрсетуге шабыттандырады. Күрделі сынаққа тап болған адам, ең алдымен, қиын сынақтан шығу үшін өзі қандай мейірбандылық пен кемелділік таныту керектігін ойластыруы керек.

Байқап отырғанымыздай, мейірбан адам туралы пікірлер Конфуций еңбектерінде көп кездеседі. Конфуций бойынша мейірбан адамның белгілері: «Пайдаға емес, әділеттілікке ұмтылатын адам мазасыздық пен қорқыныштан айырылады, өйткені ол өзінің таза жан екенін біледі. Жанның бұл тазалығы адамның байлық пен кедейлікке, қоршаған әлемге және басқа адамдардың пікіріне қатынасын анықтады». Конфуций тәрбиелі адамның келесі белгілерін анықтады: Ол барлық адамдарға әдептілік танытады, өзінен төмен тұрғандарға дөрекілік көрсетпейді, жоғары тұрғандарға жағымпазданбайды. Өз билеушісін әкесіндей құрметтейді, үлкендерге құрмет белгілерін көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, Конфуцийдің «мейірбан адамы» үлгілі қасиеттері мен парасаты ойлауы бар әлеуметтік мұраттарға жетелейді. Қоғамдағы барлық қарым-қатынасты өлшеп, үйлесімділікті ұстану даналықтың белгісі болып табылады. Оның ізбасарларына айтқан «Мейірбан адамның сөзінде өтірік жоқ» деген пікірі әлі де өзекті. Оның еңбектері Қытайдың философиялық қазынасы ғана емес, жалпы адамзаттық маңызы бар екені анық.

Әдетте, кемел адам қоғамға пайдасын тигізуге тырысады. Сондықтан кемел адам басқаларға көмектеседі және әркім өзін жақсы

сезіну үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысады. Кемел адам көбінесе айналасындағылар бақытты болса, өз игілігін ұмытады. Дегенмен, бұл оның барлық уақытты басқаларға көмектесуге жұмсайды дегенді білдірмейді; ол барлық жағынан жоғары болуға тырысады. Бұл оның үнемі дамып келе жатқанын, отбасымен, туыстарымен және қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынаста екенін білдіреді.

Кемел адам ортасында қоғам мүшелері өздерін жайлы сезінеді. Өйткені олар өздерін қоғамда қалай көрсету керектігін біледі, басқалар пікірлеріне мұқият қарайды. Өзгенің ісіне қолдау білдіріп, адамның көңілін көтереді, күлкі сыйлайды. Барлық осы ұсақ-түйектер кемел адамды өзгелерге тартады, адамдар сөйлескісі келеді. Сондықтан кемел адамның көптеген достары бар. Кемел адам көптеген мәселелерде кәсіби маман, оны әлемдегі көптеген құбылыстар қызықтырады. Кемел адам кез келген мәселені бірінен соң бірін шеше отырып, мақсатына оңай жетеді. Қиындықтар кемел адамды ашуландырмайды, керісінше, олар оның ары қарай дамуына және өсуіне мүмкіндік беретінін түсінеді.

Кемел адам үлгілі, өресі биік мінсіз адам болып табылады. Кемел адамды тану оның басқа адамдарға үлгі бола алатындай моделін ұсыну үшін қажет. Егер әрбір тұлға кемел адам болуға ұмтылса, адами кемелдікке ұмтылуы және оған жетуі керек. Осы тұста кемел адам нақты қандай болуы керек, оның рухани келбеті қандай, бойында қандай қасиеттер болуы қажет екендігін білу маңызды. Исламның кемел адам ұғымын түсінбей, толыққанды аталмыш құбылысты білу мүмкін емес. Бұл ретте, кемел адам туралы пайымдаулардың абстрактілі еместігін айта кеткен жөн. Біздің ойымызша, кемел адам мейірбан адамның ең жоғарғы түрі.

Қорытынды және тұжырамдама

Жалпы діни философиядағы мейірбан және кемел адам түсінігі адамгершілік тұжырымдарына негізделген. Сонымен қатар, түсінік білім мен танымға негізделуімен қатар, құндылықтар жүйесін көрсетуімен ерекшеленеді. Рационалды және моральдық-этикалық факторлардың үйлесімділігі маңызды шарт ретінде әрекет етеді. Зерттелген еңбектерде айқындалып отырғандай, танымға біртұтас көзқарас пен үйлесімділік мейірбан және кемел адамның белгісі. Сондықтан аталмыш ұғымдардың бір-бірімен ұқсастығын айқындап отырмыз.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, «мейірбан адам» және «кемел адам» түсініктерінің түрлі мағыналық жүктемесі бар екені де анық байқалады. Нағыз мейірбан адам намысының қаталдығымен, жанашырлығымен, биязылығымен, ұстамдылығымен, жомарттығымен танылады. Берік ерік-жігерге ие, өзінің өмірлік ұстанымдарының ақиқатына сенімді, ар-намыс пен қадір-қасиеттің өткір сезімі бар мейірбан адам оған мұқтаж кез келген адамға көмектесуге, өзге адамның жағдайына бейім болуға дайын. Сондықтан мейірбандылықты жеке адамның қасиеті және ешбір заңдармен, тыйымдармен, ережелермен, шектелмейтін, өзінің ішкі болмысының табиғи, жақсы көріністерін иелену қабілеті деп түсінуге болады.

Діни философиядағы мейірбан және кемел адамның белгілері мыналар деп ойлаймыз:

1. Түрткілер. Олардың түрткілері жеке пайдаға емес, жоғарыға қызмет етуден туындайды. Олар өз іс-әрекетін өзімшілдік көзқарасында емес, жақсылыққа, әлдебір жоғарырақ қызметке әрекет еткенде қарайды. Сізде ақша көп болуы мүмкін, бірақ сіз оны әлемге тигізер пайдасы үшін жұмсайсыз. Сондықтан мейірбандылық пен кемелдік ұғымы жоғары тылсым құбылысқа сену ұғымымен тығыз байланысты.

2. Адалдық. Мейірбан және кемел адам әрқашан өз сөзінде тұрады және басқа адамдармен қарым-қатынаста әрқашан адал болады. Тіпті, уәдені жауына берсе де, олар осы уәдені жүзеге асырады.

3. Жоғары адамгершілік. Мейірбан және кемел адам ешкімді сөкпейді, қорламайды. Адам дамуының жоғары деңгейі оған әркім өзінің даму сатысында екенін түсінуге мүмкіндік береді. Олар әр адамға түсіністікпен қарайды және олар-

ды сол деңгейде қабылдайды. Әрі қарай, олармен жұмыс істеу қажеттілігін шешеді. Мейірбан және кемел адам өзгеге емес, өзіне талап қояды.

4. Кең пейілділік. Олар келген қонағына ең жақсысын береді. Олар ешқашан бәрін өзіне алмайды, тек қажеттісін алады. Басқалардың пікірлеріне көп мән бермейді. Олардың тұжырымдары қоғамның жалпы қабылданған ойларынан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Әдетте, мейірбан және кемел адамның рухани ұстазы болады.

5. Әділеттілік. Айналадағы барлық құбылыстарға тепе-теңдікті сақтау сезімі мейірбан және кемел адамға шынайы әділдікті көруге мүмкіндік береді. Бұл олардың түйсігі деңгейінде болатын қабілет. Мейірбан және кемел адам жақсылық пен жамандықты бұрыннан біледі және өз көзқарастары бойынша кімнің қайда екенін және әр адамның қайда бара жатқанын көре алады.

6. Жауапкершілік. Өз өміріне жауапкершілікпен қарайды, ешкімді кінәламайды. Мейірбан және кемел адам екі жағдайда қиындықтар туындайтынын біледі: әрекет нашар немесе дұрыс емес жасалса; құбылысты дұрыс танымаса. Олар мәселеге көпшілік сияқты қарамайды, мәселенің жақсылық әкелуі мүмкін ықтималдылығын түсінеді. Өйткені мәселені білмей бір нәрсеге қол жеткізу мүмкін емес. Әрекеттерде туындайтын мәселелер жүретін жолдың бір бөлігі ғана.

Адам осы дүниенің, осы ғаламның сәні. Адам өз табиғаты, өз атына лайық болуы үшін мейірбан және кемел тұлға болуы керек. Мейірбан және кемел адам туралы әр ұлтта, дінде түрлі көзқарастар болуы мүмкін. Дегенмен түрлі көзқарастар мен тұжырымдар мәні жағынан жалпы адамзатқа ортақ түсініктер болып табылады.

References

- Ahmad, S.N. (2014) "Between spiritual authority and temporal power: Ibn Khaldun's views on Sufism." *Al-Shajarah*, 19(1), pp. 55-84.
- Ahn, H. (2008) "Junzi as a tragic person: A self psychological interpretation of the analects." *Pastoral Psychology*, 57(1-2), pp. 101-113.
- Aminzadeh, S. (2014) "Study of perfect man in Sanai's Masnawis." *Advances in Environmental Biology*, 8(11 SPEC. ISSUE 5), pp. 249-252.
- Bartkus, R. (2021) "Joking: Wit or ridicule?" *Logos-Vilnius*, 107, pp. 64-73.
- Birkvad, S. (2015) "The fall of perfect man." *Short Film Studies*, 5(2), pp. 145-148.
- Boros, G. (2009) "Molière, descartes, générosité." *Filozofia*, 64(2), pp. 133-143.
- Cynarski, W.J. (2016) "A Christian and the martial arts path." *Ido Movement for Culture*, 16(2), pp. 1-7.
- Dar, B.A. (2011) "Iqbal and Nietzsche's concept of eternal recurrence." *Intellectual Discourse*, 19(2), 281-305.
- Hung, R. (2016) "A critique of Confucian learning: On learners and knowledge." *Educational Philosophy and Theory*, 48(1), pp. 85-96.

- Khalilova, N.I., Bafayev, M.M., Oribboyeva, D.D., & Alimjan Kizi, T.G. (2020) "Eastern thinkers about the phenomena of self-awareness." *Journal of Critical Reviews*, 7(2), pp. 254-256.
- Kim, H.P. (2006) "Confucius's aesthetic concept of noble man: Beyond moralism." *Asian Philosophy*, 16(2), pp. 111-121.
- Landsman, T. (1968) *Positive experience and the beautiful person*. – Charleston: Southeastern Psychological Association. – 28 p.
- Landsman, T., & Landsman, M.S. (1991) "The beautiful and noble person – an existentialist-phenomenological view of optimal human functioning." *Journal of Social Behavior and Personality*, 6(5), pp. 61-74.
- Mackey, S. (2012) "Semiotic, rhetoric and democracy." *Cosmos and History*, 8(1), pp. 304-322.
- Molotova, G.M., & Molotova, E.M. (2020) "The concept of "insan-i kamil" in the teaching of Sufi." *Voprosy Istorii*, 2020(10-4), pp. 206-215.
- Moradi, H. (2015) "The ethics of the perfect man: Maurice Blanchot and Ibn 'Arabi." *Journal of Shi'a Islamic Studies*, 8(1), pp. 61-80.
- Nelson, E.S. (2013) "The question of resentment in Nietzsche and Confucian ethics." *Taiwan Journal of East Asian Studies*, 10(1), pp. 17-51.
- Olmsted, W. (2013) "Ethical deliberation in Aristotle's rhetoric and Nicomachean ethics." *Polis (United Kingdom)*, 30(2), pp. 251-273.
- Omelchuk, R.K. (2013) "Religious and political philosophy of the social education in Ancient China." *Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences*, 6(3), pp. 357-368.
- Özkan, F.H. (2011) "Four paths forty posts in collected poems of Eşrefoğlu Rûmî." *Türk Kültürü ve Hacı Bektas Veli – Arastırma Dergisi*, 59, pp. 253-278.
- Shukurov, S. (2019) "The perfect man – From metaanthropology to Homo socialis." *Istoriya*, 10(4).
- Snell, R.S., Wu, C.X., & Lei, H.W. (2022) "Junzi virtues: a Confucian foundation for harmony within organizations." *Asian Journal of Business Ethics*, 11(1), pp. 183-226.
- Sobel, J.H. (2017) "The need for coercion." In *Coercion*, edited by J.R. Pennock and J.W. Chapman. – New York: Routledge. – 340 p.
- Sumanta (2021) "The values of perfect human beings in the dignity seven of Insān Kāmil." *Journal of Social Studies Education Research*, 12(4), pp. 286-301.
- Tan, C. (2012) "Our shared values" in Singapore: A Confucian perspective." *Educational Theory*, 62(4), pp. 449-463.
- Tian, V.-I., Tang, F., & Tse, A.C.B. (2022) "Understanding corporate culture and business performance from a Confucian perspective." *Asia Pacific Journal of Marketing and Logistics*, 34(4), pp. 759-777.
- Turan, A.Z. (2013) "Design as enclosure: Draft of a phenomenology of artifice." *Technoetic Arts*, 11(2), pp. 173-183.
- Zhapparova, A.Z., Dadebaev, Z., & Zhaksylykov, A. (2016) "The conceptual metaphor in Abay Kunanbayev's poetics." *Journal of Language and Literature*, 7(3), pp. 54-59.